

## Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының кейбір құрамдас бөліктерін қайта атау туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 8 сәуірдегі № 45 және Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2022 жылғы 8 сәуірдегі № 11-6 бірлескен қаулысы мен шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 сәуірде № 27631 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 11-бабы 4-1) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 23 сәуірдегі қорытындысы негізінде және Орал қаласы халқының пікірін ескере отырып, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Батыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының кейбір құрамдас бөліктері:

М.Мәметова алаңы Батыр қыздар алаңына;

Московская көшесін Тәуелсіздік көшесіне;

Мирзоян көшесін Желтоқсан көшесіне;

Согласия көшесін Шәпет Қоспанов көшесіне;

Тәуелсіздік көшесін Бисен Жұмағалиев көшесіне;

Светлая көшесін Базарбай Жұманиязов көшесіне;

Надежда көшесін Тұяқберді Шәмелов көшесіне;

Лиственная көшесін Жанғали Набиуллин көшесіне;

Букетная көшесін Николай Чесноков көшесіне;

Вольная көшесін академик Сухан Камалов көшесіне;

Ореховая көшесін Алдияр Рахметов көшесіне;

Евразийская көшесін Еуразия көшесіне қайта аталсын.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Батыс Қазақстан облысының әкімі*

*Мәслихат хатшысы*

*Г. Искалиев*

*Б. Конысбаева*